



Кәсіби білім беру мекемелеріндегі педагогикалық қарым-қатынас негіздері

Орындаған: Мұсағали Н
Қабылдаған: Абдигапарова А

Алматы 2017

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Кәсіби білім беру мекемеліндегі педагогикалық қарым-қатынас стилі
2. Педагогикалық қарым-қатынастың стильдерінің түрлері
3. ап

Педагогикалық қарым-қатынас

белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, жалпы психологиялық климат құруға және оқу іс-әрекетін,

педагог пен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымы ішіндегі

қатынастарды психологиялық тиімді етуге бағытталған оқытушы мен оқушының



сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы кәсіптік қарым-қатынасы.

Педагогикалық қарым-қатынас стильдері.

Педагогикалық қарым-қатынас стилі - педагогтың өз шәкірттерімен әрекеттесуінің дербес-психологиялық ерекшеліктері.

. Әр мұғалімнің балалар мен қарым-қатынас орнатуында өзіне ғана тән ерекшеліктері болады.

Осы ерекшеліктеріне байланысты әр мұғалімнің кабинетке кіруімен бірге оқушылар сыныбында әр түрлі психологиялық ахуал орын алады.



Педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарында қарым-қатынастың мынандай стильдері топтастырылған

Қарым-қатынастың авторитарлық стилінде

1. мұғалім оқушылардың қызығушылықтарын ескерусіз өзі ғана шешім қабылдайды, оқушылардың пікірлері маңызды болып есептелмейді, олар тек мұғалімнің айтқанын, нұсқасын орындаушылар ретінде қабылданады. Оқушыларға ешқандай еркіндік берілмейді, олар үнемі бағынышты, тәуелді позицияда болып, педагогикалық ықпалдың объектісіне айналады.



3. Мұндай қарым-қатынас барысында оқушылардың тұлға ретінде дамуына көп кедергілер кездеседі және ұстаз бен оқушылар арасында көптеген түсініспеушілік, шиеленіс, қарама-қайшылық жағдайлары кездеседі. Мұнда мұғалім: «Менің айтқаным заң», «Мен бұйырамын, сендер орындайсыңдар» деген позицияны ұстанады.

2. Мұғалімнің дауыс ырғағында бұйрық беру, қатал тәртіп орнату, өктем сөйлеу, қысым жасау сияқты қасиеттері басым болады.

Қарым-қатынастың либералдық стилінде

1. Мұғалім өз бетінше шешім қабылд аудан бас тартып, жауапкершілік ті оқушыларға, әріптестеріне ысырады.


2. Мұғалім тек оқыту процесімен шектеліп балалардың тәрбиесіне көп көңіл аудармайды, оқушыларды өз беттерінше жібереді.

3. Бұлдай қарым-қатынас стилі бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің сыныбында үлгерім де, тәртіп те қанағаттанарлықсыз болады.

4. Мұғалім балалар ұжымының дамуына, жеке оқушылардың даму мәселелеріне немқұрайлы қарайды, қиын жағдайлардан құтылу үшін қатты талап қоюдан бас тартып ешқандай белсенділік, шығармашылық танытпайды.

5. Оқушылардың тәрбиесі, дамуы қадағаланбайды, қарым-қатынас барысында ынтымақтастық, түсінісушілік болмайды.

6. Мұғалім «Сен тимесең, мен тимеймін», «Қалай болса, солай болсын» деген позицияны ұстанады.



оқушы мен мұғалім педагогикалық қарым-қатынастың тең құқылы субъектілері ретінде қарастырылады. Оқушылар мен мұғалім ынтымақтастық қарым-қатынаста болады, оқушылардың жеке пікірлері есепке алынып, олардың белсенділіктері, шығармашылықтары жоғары бағаланады. Өзара қарым-қатынастары кеңес беру, ақыл айту, өтініш, сенім арту сияқты формалар арқылы іске асырылады.



Қарым-қатынастың демократиялық стилінде

Мұндай стиль оқушылардың тұлға ретінде дамып қалыптасуына, олардың субъектілік позицияға ие болуына, гуманистік қатынастардың орнығуына, жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасуына әсері көп. Бұл стильді ұстанатын педагогтар оқушылардың көңіл-күйін, психологиялық жағдайын түсінуге, олардың мүмкіншіліктерін жетістіктерін дұрыс бағалауға, оларға дұрыс құндылықтық бағыт-бағдар беруге тырысады. Осындай мұғалімдердің басқаруымен жұмыс істейтін оқушылар да өз беттерінше жұмыс істеуге дағдылану, жауапкершілік, шығармашылық, өзінің қабілеттерін дамытып іске асыру ерекшеліктері жиі байқалады. Бұл стиль бойынша жұмыс істейтін мұғалім: «Бәріміз бірге жоспарлаймыз, бірігіп орындаймыз, бірігіп жетістікке жетеміз» деген позицияны ұстанады.



Педагогикалық қарым-қатынасты зерттеуде көптеген ғалымдар оның қыр-сырларына мән беріп, жан-жақты зерттеуге тырысқан және ол мақсатта көптеген тер төккен ғалымдар қол жеткізген.

Н.Н.Ханның зерттеуінше мұғалімнің оқу-тәрбие процесінде *ынтымақтастың қарым-қатынасты* іске асыруға даярлығы мынандай компоненттерді қамтиды:

1. Педагогикалық іс-әрекетке деген кәсіби ынтаның болуы.

2. Оқу процесінде оқушы тұлғасын қалыптастыруға қажетті білім көлемінің болуы.

В.А.Кан-Калик мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың мынандай топтамасын анықтаған.



1. Бірлескен шығармашылық іс-әрекетке әуестену негізіндегі қарым-қатынас (мұғалім оқушыларды шығармашылыққа ынталандырады, балалар мұғалім соңынан қалмайды).




2. Достық ықылас негізінде құрылған педагогикалық қарым-қатынас (мұғалім оқушының ересек жолдасы ретінде қарым-қатынаста болады, татулық, достық қатынас орнайды).



3. Дистанциялық қарым-қатынас (түрлі әлеуметтік рөл атқаруларына байланысты оқушы мен мұғалім арасында такты дистанция сақталады, мұғалімнің жетекші ролі орын алады).



4. Қорқыту арқылы қарым-қатынас орнату {мұғалімнің өктемдігі басым болады, балалар үнемі мұғалімнің ұрсуынан үрейленіп жүреді}.



5. Балалармен жұмыс істеген кезде әзіл-қалжыңға негізделген қарым-қатынас (балаларға ұнау үшін жас мұғалімдер қалжыңдасып сөйлеуді ұстанады, бірақ бұл дұрыс нәтижеге жеткізбейді).



6. Мұғалім шәкірттер алдында өзінің артықшылығын көрсетуге бағытталған қарым-қатынас (мұғалім тек өзінің беделімен ғана айналысады, үнемі өзінің балалардан жоғары екенін дәлелдеуге тырысады).



Әр жас мұғалім өзінің дербес ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне байланысты педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік стилін қалыптастырады. Қарым-қатынастың өзіндік стилін қалыптастыру үшін ең алдымен жас маман өзінің психологиялық ерекшеліктерін, күндылық бағдарын, ішкі қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін арнайы зерттеп білуі қажет. Коммуникативтік қабілетті зерттеуге арналған диагностикалық әдістемелердің түрлері қазіргі педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде өте көп. Солардың бір мысалы ретінде адамның қарым-қатынас жасауға бейімділігін анықтауға байланысты мынандай тестті қарастырып өзімізді зерттеп көрейік.

Тест «Сіздің адамдармен қарым-қатынас жасауға бейімділігіңіз»
Берілген 16 сұрақтың әрқайсысына «иә», «кейде», «жоқ» деп шынайы жауап беріңіз.

1. Сізді ерекше ресми кездесу күтіп тұр. Ол сізді қобалжытып, көңіл-күйіңізге әсер ете ме ?

2. Сіз дәрігерге баруды ауру жаныңызға батқанға дейін кейінге қалдыра бересіз бе?

3. Әр түрлі жиналыстар мен кеңестерге сізге баяндама, хабарлама жасау керек болса сіз ыңғайсызданасыз ба?

4. Сізді бұрын өзіңіз көрмеген қалаға жұмыс бабымен іс сапарға жіберетін болды делік. Сол сапарға бармаудың түрлі амалдарын іздестіресіз бе?

5. Ішкі толғаныстарыңызды кез келген адамға жайып сала бересіз бе?

6. Көшеде танымайтын адамның жол көрсету, уақытты айту, немесе басқа бір өтініштері сізді ашуландыра ма?

7. «Бала мен әке» арасында кикілжің - екі ұрпақ өкілінің бірі-бірін түсінуге қиын болады дегенге сенесіз бе?

8. Танысыңыздың бұдан біраз уақыт бұрын өзіңізден азын-аулақ ақша алғанын есіне түсіруге ұяласыз ба?

9.Қоғамдық тамақтандыру орындарында сізге дәмсіз ас берсе сіз үндемей тамақты бір шетке ысырып қоя саласыз ба?

10. Таныс емес адаммен- жеке қалғанда онымен өзіңіз әңгімелеспейсіз, дегенмен ол алдымен сөз бастаса сіз оны қаламай қаласыз. Шындығында солай ма?

11.Қандай да болмасын ұзаққа созылған кезекке тұру (дүкенде, кітапханада, кинотеатр кассасында) сіз үшін үлкен қиындық. ұзақ кезектің соңында тұрғанша сіз атқаруға келген ісіңізді тындырып кетуден бас тартасыз ба?

12.Жанжалды жағдайды шешетін сарапшылар құрамына кіруге жүрексінесіз бе?

13.Әдебиет, өнер, мәдениет туындыларына баға беруде өзгенің пікіріне қосылмай, өзіңіздің жеке пікіріңізді білдіре аласыз ба?

14. Сіз өзіңізге белгілі нәрсе туралы қате пікір естісеңіз үндемей қоя саласыз ба? Дауласпайсыз ба?

15. Қызмет бабымен немесе оқу барысында біреу көмек сұраса, бұл өкініш тудыра ма?

16. Сізге өз ойыңызды (пікіріңізді, бағаңызды) ауызшаға қарағанда жазбаша білдіру оңай ма?

Енді қорытындыны шығарып көріңіз:

«Иә» - 2 ұпай.

«Кейде» - 1 ұпай.

«Жоқ» - 0 ұпай,

Жинақталған ұпай санын қосып,өзіңіздің қай топқа жататыныңызды анықтаңыз.

30-32 ұпай: Сіз ортаға мүлде бейімделгіш емессіз. Мінезіңіздегі олқылық та осы. Осыдан зардап шегетін де өзіңіз. Айналадағыларға қиындық тудырасыз. Сізге ұжымдық жұмыстарға арқа сүйеуге, сеніп тапсыруға болмайды. Өзіңізді-өзіңіз көпшіл болуға тәрбиелеңіз, өзіңізге-өзіңіз бақылау жасаңыз.

25-29 ұпай: Сіз тұйықсыз, көп сөйлемейсіз, жалғыздықты жақсы кересіз, сондықтан достарыңыз да аз. Жаңа жұмыс орны, осыған байланысты орныққан байланыстар сізді қалыпты жағдайдан ауытқытып жібереді. Өз мінез ерекшеліктеріңізді білесіз де, өзіңіз өзіңізге риза болмайсыз. Риза болмаушылықты ғана басшылыққа алмаңыз. Оны жеңу қолыңыздан келеді. Бар ынтаңызбен жұмыс істесеңіз, мүмкін жылдам «бейімделгіш» болып кетерсіз. Тек өзіңізді-өзіңіз қолға алғаныңыз жөн.

19-24 ұпай: Белгілі бір шекте ақжарқынсыз, таныс емес ортада өзіңізді өте сенімді ұстайсыз. Туындап жатқан жаңа мәселелер сізді алаңдатпайды. Таныс емес адамдармен абайлап араласасыз. Дау мен пікірталасқа көп кірісе қоймайсыз. Негізсіз айтылатын сарказмге (мысқылдауға) бейімсіз. Бірақ оны жөндеуге болады.

14-18 ұпай: Ортаға тез бейімделесіз. Сіз сыпайысыз, пікірлесіңіздің әңгімесін қызыға тыңдайсыз, қарым-қатынаста салмақтысыз, өз көзқараеыңызды эмоцияға берілмей-ақ дәлелдей аласыз. Таныс емес адамдармен еш қиыншылықсыз сөйлесіп кетесіз, бірақ шулы ортаны жақтырмайсыз. Көпсөзділік пен кеудемсоқтық жүйкеңізге тиеді.

9-13 ұпай: Тым ашықсыз (шектен шығып кетуіңіз де мүмкін). Өзгенің құпиясын білуге құмарсыз.

Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар.

1. Қарым-қатынас дегеніміз не?
2. Педагогикалық қарым-қатынасты қалай түсінесіз?
3. Педагогикалық қарым-қатынастың қандай кезеңдерін білесіз?
4. Педагогикалық қарым-қатынастағы авторитарлық стиль дегеніміз не?
5. Педагогикалық қарым-қатынастағы либералдық стиль дегеніміз не?
6. Педагогикалық қарым-қатынастағы демократиялық стильдің ерекшелігі неде?

***Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!***